

Зеренді аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 36-301 "Жер және бірыңғай жер салықтарының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 8-66 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 қаңтарда № 5727 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 ақпандағы № 19-153 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 16.02.2018 № 19-153 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 386, 444 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Зеренді аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Зеренді аудандық мәслихаттың "Жер және бірыңғай жер салықтарының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 36-301 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4797 тіркелген , 2015 жылғы 22 мамырда "Зерделі–Зеренді", "Зерен" аудандық газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырып келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Зеренді ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы";

1 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Зеренді ауданының Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын."

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,
аудандық мәслихаттың хатшысы*

Қ.Ауғалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Зеренді ауданының әкімі

А.Мұратұлы

2016 жылғы "23" желтоқсан